



| ӘДЕБИЕТТІҢ ӘҢГІМЕСІ

«Кар қызынан» «Сайтан көпірge» дейін

Оралхан Бекей таланттының ерекше бір қыры — сюжет желісімен қосып кейіпкерлер әлемін құбылтып, ойната білуінде. Қalamгердің повесіндегі Конкай бейнесі туралы көптеген біржакты пікір айтылған еді. Конкай — жападан жалғыз жырақта өмір сүріп жатқан, ғадеттегі ел арасын, адамдар әлемін, әлеуметтік ортанды атымен жатсынған, оқаша, оқшау тірлікті қалайтын кісікік. Бір қарағанда, ойлауда қызық, өмір сүру кагиласы да оқшау Конкай образының астарында авторлық танымнан туған астарлық сыр тұнып жатыр.



Коллаждан жасалған Коньской ШЕЖІРМЫЛЫ

Жазушы елу жыл бойы Айыртауда арыстандай айбат шегіп, жолбарыстаі дара жортып, ошағының отын сөндірмей отырган Конкай туралы терен философиялық ой түйеді. «Конкай жалғыз емес, — деп жазады автор, — Конкай дегеніміз өз қара басының амандығын тілеген әр қазактың жүргегінде». Суреткер шеберлігі Конкай бейнесін құбылмалы (хамелеон) кейіпкерге айналдыра алуында дер едік. Бір қарағанда, жағымсыз мінезді күлкімен, казаккатаң емес дүрдарараз танымымен жарқ еткен кержақ шал кескінінде танылған бір Конкайға автор бірнеше символды жинақтаған. Сондықтан ол алабөтен нығыз, алабөтен күшті. Тап бір көне грек мифологиясындағы қаһармандар сиякты.

Мемлекеті мен от жаққан шекарасын бұзып, табалдырығын аттағандарға қарсы қасық қаны қалғанша аянбай күресіп келеді және әлі де күресіп етпекші. Суреткер шығармасының өнбояйнда желідей тартылып отыратын — МЕН-өзім қолданыстарының өзі экзистенциализм үғымының антиутопиялық жанр қөрінісін айғақтайды. Өз қара басының амандығын тілеген Конкай үшін «Біріміз — бәріміз үшін, бәріміз — біріміз үшін» деген жалған ұранының мәні шамалы. «Конкай Конкай болғалы өздігінен ешкімді ізdemеген, қажетсінбеген, өмірі — кеңестік қоғамды жатсынуынан туындалап отыр», деген ой түйіреді авторлық тұжырым. Бұл енді кеңестік қоғамға астыртын наразылық. Автор күпір болып саналатын бул илея-

көзбояушылық қой, мемлекетті алдау ғой. Ауыл басқаруышы АНАУ сырның ашылып қалғанына қатты қапаланды: «Барасың! — деді бармағын шайнап тұрып. — Бармайды екенсің, арызыңызды жаз. Билетті тапсыр».

Жазушы кейіпкеріне Ұлы Отан соғысы кезіндегі басынан еткен тағы бір келенсіз уақыфанды сюжет желісімен өрбітеді. Жазушы кейіпкерін сүттен ақ, судан таза қылып көрсетуден ада. Оның Отан қорғау жолындағы талайдың қанына ортақ болғандығын суреттейді.

Адам қоғамнан тыс бола алмай сорлайды. Оралхан Бекейдің айтпағы сол, бүйрық беруші топ жаңғырыққа ұластырмай тұра алмайды екен. Ол болса тұбі жарға жығатын көтерлі АЙҚАЙ, сұрапыл ЖАНҒЫРЫҚ.

Шығарманың лейтмотивін Оралхан Бекей «Осы құнгі жастар, аға, «Сайтан-көпірден» етпесе де, жын-періге айнала қойған жоқ. ЖАНҒЫРЫҚҚА сенбейді де, жасымайды. АЙҒАЙДЫҢ дәурені қошкошын айткан. Қазір — ақылдың дәүрі» деп айдай үмітпен аяқтайды. Оған тірек болып тұрған өзек — «АЙҒАЙДЫҢ ең соңғы құрбаны мен болайын» деген Аспан шалдаңын сөзі.

Оралхан Бекей Алтай өнірінің қыс кезіндегі қар басқан тауларында айқайлауга болмайтынын, етпесе қар көшкіні түсетін ақиқат деректі сюжет желісіне арқау етіп алып, осы «Айқайлауга болмайды» деген тыйым сөзге бар салмакты салып негізгі екіпінді түсіреді. АЙҚАЙ — автордың жан айқайының, қарсылығының көрінісі болып шыққан.

Сайтан көпір — деталь қызметтін ат-кара отырып, сол бір кеңестік кезең мен тәуелсіздік алған екі кезеңнің ортасындағы етпелі рәмізін астарлаған. Осы етпелі кезеңнен өтерде жас үрпак аман өтер ме екен?! — деген елдік мұрат, биік арман.

Оралхан Бекейдің «Сайтан көпір» повесі — қазақ әдебиетіне түрлік, пішіндік өзгешелік алып келген соны туынды. Бұрыннан Батыс әдебиетінде адам тұлғасының екіге жарылуы, жаны осы бөлінуден күйзелуі туралы мықты шығармалар бар. Бір адамның бойында екі адам өмір суреді: бірі ақ, бірі қара. Қазіргі қазақ прозасындағы «екіге жарылу» деп жүрген соны, жаңалық дег жүрген тәсілді Орал-